

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 236 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2022 жылғы 25 қаңтардағы № 17 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 236 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті туралы ереже осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың электрондық көшірмесінің Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсына орналастырылуын;

3) осы бұйрықтан туындайтын өзге де шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі*

Е. Қарашөкеев

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2022 жылғы 25 қаңтардағы
№ 17 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2016 жылғы 26 мамырдағы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті жер ресурстарын басқару саласына басшылық етуді жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы қазақ тілінде көрсетілген мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті егер оған заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, онда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитеті басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел көшесі, 8-үй, "Министрліктер үйі" әкімшілік ғимараты.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің қызметін республикалық бюджеттен қаржыландыру жүзеге асырылады.

12. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетіне Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастар жасасуға тыйым салынады.

Егер Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетіне заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері

13. Мақсаттары:

реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын орындау, сондай-ақ жер ресурстарын басқару саласындағы стратегиялық функцияларды орындауға қатысу; жер ресурстарының ұтымды және тиімді басқарылуын қамтамасыз ету.

14. Құқықтары мен міндеттері:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетіне жүктелген мақсаттар мен функциялардың іске асырылуын қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпараттар мен материалдарды заңнамада белгіленген тәртіппен сұрау және алу;

3) қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1) жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) жер қатынастарын реттеу мәселелері бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасау;

3) өз құзыретіне кіретін жерлерді беру және алып қою, жерлерді бір санаттан екінші санатқа ауыстыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің құқықтық актілерінің жобаларын дайындау;

4) жерлердің мониторингін жүргізуді ұйымдастыру;

5) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жер теңгерімдерінің деректері негізінде мемлекеттік жер кадастрын жүргізуді ұйымдастыру және Қазақстан Республикасының жер теңгерімін жасау;

6) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының пайдаланбай жатқан не Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жатқан жерлерді анықтау және мемлекеттік меншікке қайтару мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау;

7) суармалы егістікті суарылмайтын алқап түрлеріне ауыстыру жөніндегі материалдарды келісу;

8) жер учаскелері мәжбүрлеп алып қойылған тұлғалардың тізілімін қалыптастыру және жүргізу;

9) жерлердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

10) құзыреті шегінде жер заңнамасы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау;

11) құзыреті шегінде анықталған жер заңнамасын бұзушылықтарды жою жөнінде орындалуы міндетті нұсқамалар беру;

12) Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 148-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша сотқа талап-арыз дайындау және беру;

13) жайылымдардың, оның ішінде аридтік жайылымдардың тозуына және шөлейттенуіне қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды жүргізу әдістемесін әзірлеу;

14) тиісті салада мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыру, өз құзыреті шегінде тиісті саланың мемлекеттік мүлкін басқару саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, бекіту;

15) республикалық заңды тұлғалар мүлкінің сақталуына және республикалық мемлекеттік кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуына бақылауды жүзеге асыру;

16) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға республикалық мемлекеттік кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсатын айқындау жөнінде ұсыныстар енгізу;

17) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда республикалық мемлекеттік кәсіпорынның даму жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді қарау, келісу және бекіту;

18) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитеті аумақтық бөлімшелерінің бюджеттік өтінімін дайындауды қамтамасыз ету, оны Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне ұсыну, сондай-ақ бюджет процесінің өзге де рәсімдерін орындау;

19) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

3-тарау. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің қызметін ұйымдастыру кезіндегі оның басшысының мәртебесі және өкілеттіктері

16. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетіне басшылық етуді Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты басшы жүзеге асырады.

17. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитеті басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитеті басшысының өкілеттіктері:

1) өз орынбасарларының, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің құрылымдық бөлімшелері басшыларының, аумақтық бөлімшелері мен ведомстволық бағынысты ұйымдары басшыларының және басшылары орынбасарларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитеті қызметкерлерінің, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің аумақтық бөлімшелері мен ведомстволық бағынысты ұйымдары басшыларының және басшылары орынбасарларының лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитеті төрағасының орынбасарларын лауазымға тағайындау туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі аппаратының басшысына ұсыным енгізеді;

4) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;

5) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің аумақтық бөлімшелерінің құрылымы мен ережелерін бекітеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің аумақтық бөлімшелерінің штат кестесін келіседі;

- 6) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің ведомстволық бағынысты ұйымының құрылымын бекітеді;
- 7) еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған жұмыскерлерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің жұмыскерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;
- 8) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің аумақтық бөлімшелерінің басшылары мен басшыларының орынбасарларын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;
- 9) ведомстволық бағынысты ұйымның басшысын және оның орынбасарларын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйым үшін басшының және оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтердің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді;
- 10) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың қабылдануына дербес жауапты болады;
- 11) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің тәртіптік, аттестаттау және конкурстық комиссияларының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, атқарушылық және еңбек тәртібінің сақталуын, персоналды басқару қызметінің жұмысын және құжат айналымын ұйымдастыруды бақылайды;
- 12) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитеті төрағасының орынбасарларын қоспағанда, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитеті жұмыскерлерінің, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитеті аумақтық бөлімшелері мен ведомстволық бағынысты ұйымдары басшыларының және басшылары орынбасарларының тәртіптік жауапкершілігі мәселелерін шешеді;
- 13) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті төрағасының орынбасарларын қоспағанда, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің жұмыскерлерін, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің аумақтық бөлімшелерінің басшылары мен басшылары орынбасарларын іссапарға жіберу, демалыс беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақы төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;

14) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитеті жұмыскерлерінің орындауы үшін міндетті бұйрықтар шығарады, сондай-ақ нұсқаулар береді;

15) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті атынан өкілдік етеді;

16) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің қызметін қамтамасыз ету және оған жүктелген міндеттерді орындау мақсатында мемлекеттік сатып алуды өткізуді ұйымдастырады;

17) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің жыл сайынғы жұмыс жоспарын және оның қызметінің нәтижесі туралы жыл сайынғы есепті әзірлейді және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің басшылығына бекітуге ұсынады;

18) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің қаржыландыру жоспарын әзірлеуді қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі аппаратының басшысына бекітуге енгізеді;

19) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады;

20) өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің басшысы болмаған кезде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

20. Басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4-тарау. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің мүлкі

21. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетіне бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті, өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетін қайта ұйымдастыру және тарату

24. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің "Ауыл шаруашылығы аэрофотогеодезиялық іздестіру мемлекеттік институты (АШАИМИ)" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің қарамағындағы аумақтық бөлімшелердің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті Ақмола облысының жер ресурстарын басқару департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

2. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті Ақтөбе облысының жер ресурстарын басқару департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

3. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті Алматы облысының жер ресурстарын басқару департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

4. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті Атырау облысының жер ресурстарын басқару департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

5. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті Шығыс Қазақстан облысының жер ресурстарын басқару департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

6. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті Жамбыл облысының жер ресурстарын басқару департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

7. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті Батыс Қазақстан облысының жер ресурстарын басқару департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

8. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті Қарағанды облысының жер ресурстарын басқару департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесіне.

9. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті Қостанай облысының жер ресурстарын басқару департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті Қызылорда облысының жер ресурстарын басқару департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

11. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті Маңғыстау облысының жер ресурстарын басқару департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

12. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті Павлодар облысының жер ресурстарын басқару департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

13. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті Солтүстік Қазақстан облысының жер ресурстарын басқару департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

14. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті Түркістан облысының жер ресурстарын басқару департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

15. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті Шымкент қаласының жер ресурстарын басқару департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

16. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті Нұр-Сұлтан қаласының жер ресурстарын басқару департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

17. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті Алматы қаласының жер ресурстарын басқару департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК